**"Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 2020 жылғы 23 қазандағы № 9-нқ бұйрығына келесі толықтыруды енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 2024 жылғы 28 наурыздағы № 34 бұйрығы

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 65-бабының 3-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 2020 жылғы 23 қазандағы № 9-нқ бұйрығына келесі толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы туралы ережеде

15-тармақ мынандай мазмұндағы 40-1) тармақшамен толықтырылсын:

"40-1) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) көлемдері шеңберінде өндірілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) ведомстволық бағынысты ұйыммен орнатылатын бағаларын келісу;".

2. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ( бұдан әрі - Агенттік) Әкімшілік-құқықтық қамтамасыз ету департаменті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

2) осы бұйрықты Агенттіктің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Агенттіктің Төраға орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Төрағасы* | *Ж. Шаймарданов* |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК